

Циклограмма
I апта (2 – 4) қыркүйек 2020ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Апта тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: балаларды мектеппен, әлеуметтік ортамен таныстыру.

Міндеттері:

- топқа, ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру
- достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту;
- бірлескен әрекетке командамен бірге әрекет етуге баулу.

Күн тәртібі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Д/о: «Кім тез жинайды»	Қ/о: «Айгөлек»	Қ/о: «Өз орыныңды тап»
Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	№1 1. Аяқ сәл алшақ, қолымыз иықта, алға, артқа есу (3 - 4 рет) 2. Қолды алға созып, қайшылап қозғалту(3 - 4 рет) 3. «Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір». 4. Аяқ сәл ашық, тіземіз түзу, аяқтың ұшына қолымызды тигізу, қалыпқа келу (3 - 4 рет). 5. Қоян - секіреді; ат - шабады; құс - ұшады; аю - қорбандайды; адам - жүреді. 6. Кілемге жатып, аяқты көтеріп, велосипед тебу, қалыпқа келу (3 - 4 рет). 7. Жерде жатып, балықша жүзу, екі қолды сермеу, қалыпқа келу (3 - 4 рет). 8. Аяқтың ұшымен көтерілу, демді жұтып шығару (3 - 4 рет). Кел балалар,күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек? Көңілді боп жүрейік!		

Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру «Спорт залмен таныстыру» Мақсаты: саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 2. Сөйлеуді дамыту « Балабақшаға саяхат» Мақсаты: Балабақша қызметкерімен және жұмыс орындарымен таныстыру арқылы сөздік қорын кеңейту. Балабақша қызметкерлерімен сыпайы қарым – қатынаста болу.	1. Көркем әдебиет « Е. Ашықбаевтың «Балабақша» өлеңі» Мақсаты: Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, өлеңнің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. 2. Мүсіндеу «Доп» Мақсаты: Ермексаздың қасиеттерімен таныстыру, дағдыларын жетілдіру. Домалату, есу әдістері арқылы доптың пішінін мүсіндеу. 3. Таңғажайып ертегілер « Бауырсақ» ертегісі Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	1. Дене шынықтыру «Спортзалда ойнаймыз» Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. 2. Құрастыру «Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған кең және тар жолдар» Мақсаты: Өртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектен қарапайым құрылыстар құрастыру, бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді көлденең орналастыру арқылы құрылыс материалдарынан тар және кең жолдарды құрастыра білуге үйрету.
Серуен	Картотека№1 Күздік жемістерге бақылау Күздік жемістер – күз мезгілінде пісетін бау-бақша өнімі. Олар: алма, өрік, қарақат, алхоры, шие, алмұрт,долана, алша, анар, т.б. Мақсаты:Балаларға жемістерді ажырата білуге, дәміне қарай атап, адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін айту. Жемістерді күтуге, сақтай білуге үйрету. Сұрақтар: - Сендерге жемістер ұнайды ма? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Адамға қандай пайдасы бар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Қыста, жазда, күзде де, Тұрады жасыл түске еніп. Шипасы мол шыршаның, Тыңайтар бізге күш беріп. Қимылды ойыны:Картотека№1 Еңбек: Ойыншықтарды жуу, орнына қою Қорытынды: «Біз не білдік?» Күздік жемістердің пайдалы екенін.		

Марапаттау сәті

Серуенде жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Картотека№2

Жемістерге бақылау

- Балалар, күзде жеміс-жидектердің барлығы пісіп, бау-бақша өнімдері көбейетінін білеміз. Жемістерде дәрумендер көп болады.

Жеміс-жидекті үнемі пайдаланған баланың дені сау, әрі шымыр болады. Жемістер балалар, жеміс ағаштарынан шығады.

Мақсаты:Күзгі табиғатқа бақылау жасай алуға баулу. Табиғат берген байлықтарды күтіп-баптауға үйрету. Үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Сұрақтар:

- Балалар жемістер сендерге ұнады ма?

- Жемістер қайда пісіп жетіледі?

- Сендердің ең жақсы көретін жемістерің қандай?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Өрікпін мен, өрікпін,

Бау-бақшаға көрікпін.

Пісіп тұрған шағымда

Алар екен теріп кім?

Қимылды ойын: **Картотека№2**

Еңбек:Алаңды қажетсіз заттардан тазарту.

Мақал-мәтел:

«Жақсы бала – елдің ырысы».

Мақсаты:Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту.

Қорытынды: «Біз не білдік?»

Жемістер өте пайдалы.

Онда көптеген дәрумендер бар..

Марапаттау сәті

Серуенде жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Картотека№3

Бақылау: «Көкөністер»

Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны баптап, көкөністер отырғызамыз. Көкөнісдердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға су құйып, баптайды. Әрбір көкөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып, өседі. Біздің күнделікті жеп жүрген тағамдарымыз - көкөністер сол бау-бақшаның өнімі.

Көкөністердің адам ағзасына пайдасы мол.

Мақсаты:Көкөністер жайлы түсінік беру. Оларды атай алуға, жемістерден ажырата алуға баулу. Көкөністердің шығатын жерлерін айтып түсіндіру. Өз бетінше еңбектенуге баулып, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Сұрақтар:

- Көкөністердің қандай түрлерін білесіңдер?

- Жылыжайлар не үшін керек?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

	Басы үлкен табақтай, Собық діңі таяқтай. Дыбыс сүзгіш секілді ол, Күнді аңиды таң атпай. Мойнын созған күнге алыс, Бұл шіркінмен кім таныс? Ол – пісте май, шемішке, Ол кәдімгі - (<u>күнбағыс</u>) Қимылды ойын: Картотека№3 Аланды қоқыстан тазартуға көмектесу. Мақсаты: Үлкендер еңбегін бағалау. Балалардың еңбекке деген құлшынысынояту. Еркін ойын Қорытынды: «Біз не білдік?» Көкөністер жайында білдік. Көкөністердің дәрумені мол. Марапаттау сәті Серуенде жақсы қатысқан балаларды марапаттау.
--	--

Балалардың үйге қайтуы	Ата – анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата - аналар мен қарым-қатынас. Балдардың топтасып еркін ойнауы.	Балалар мен қарым -қатынас. Еркін ойнау.
-------------------------------	---	---	---

Циклограмма
II апта (7 – 11) қыркүйек 2020ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Апта тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: балаларды мектеппен, әлеуметтік ортамен таныстыру.

Міндеттері:

- топқа, ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру
- достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту;
- бірлескен әрекетке командамен бірге әрекет етуге баулу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Сөйлем ойлап тап»	«Төртінші артық»	«Епті бол!»	«Бұл не?	«Қай ағаш екенін ата» (суретке қарап)

Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	Жаттығу кешені 1. Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу (3 - 4 рет). 2. Қол белде, оңға, солға иілу (3 - 4 рет). 3. «Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп, Басқа гүлге барайық». 4. Қолымыз иықта, алға, артқа есу (3 - 4 рет). 5. Қол белде оң аяқпен 3рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3рет секіру. 6. Кілемге жатып, аяқты созып, бірге көтеру қалыпқа келу (3 - 4рет). 7. Аяқты алға созып көтеру, қайшылау, түсіру. 8. Саппен жүріп өту. «Денсаулығым керемет, Жаттығуға рахмет!» Жаттығулар кешені Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қолдаймыз. Біздің топта ұл –қыздар Тату – тәтті ойнаймыз.				
Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді соқпақтар» Мақсаты: ирелендеген жолмен жүруге, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Саптан шықпай, бағытты сақтай жүру. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: балалардың бөлме гүлдері туралы түсініктерін кеңейту. Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылықтарын	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Бір және көп» ұғымдары Мақсаты: «Көп» және «біреу» ұғымдарын қалыптасыру, біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Балабақшаға барамыз» А. Досмағамбет Мақсаты: Көңілді шат – шадман музыка арқылы, ойын арқылы ән айту	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Достық биі» Мақсаты: қолға жалауша ұстап, еркін жай жүру, заттар арасымен «ирелен» жүруді жаттықтыру. Қимылды белгілі тәсілмен , белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. 2. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Досым екеуміз» Қадір Мырза Әли	1. Орыс тілі Маман жоспары 2. Жапсыру. Тақырыбы: «Досыма кесе сыйлаймын» Мақсаты: үлгіге қарап дайын пішіндерді қию арқылы заттың бейнесін жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. 3. Таңғажайып ертегілер(в) Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті достарым» Мақсаты: екі аяқтап арқаннан секіруді үйрету. Спорт туралы қысқа әңгімелесу 2. Музыка Тақырыбы: «Балабақшаға барамыз» А. Досмағамбет Мақсаты: Көңілді шат – шадман музыка арқылы, ойын арқылы ән айту сезімдерін ояту. 3. Қоршаған ортамен танысу.

	ояту. Байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету. 3. Сурет салу Тақырыбы: «Балабақша шарбақтары» Мақсаты: бірнеше көлденең және тік сызықтардан сурет салу дағдыларын қалыптасытыру.	сезімдерін ояту.	Мақсаты: өлеңді жаттау дағдыларын дамыту. Достық туралы түсінік беру. Ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсіндіруге үйрету.	Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: ойыншықтардың түстерін, пішіндерін ажыратып атау дағдыларын жетілдіру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Серуен	Картотека№4 Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. Еңбек: Участкедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. Еңбек: Участкедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері Мақсаты: Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Қимылды ойындар: Картотека№4 Картотека№5: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару.				

Қимылды ойындар: **Картотека№5**

Картотека№6

Күзгі табиғатқа бақылау

Күзгі табиғаттың құбылыстарына, күн шуағына, аспанға, бұлттарға, желге.

Мақсаты:Күз туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін әңгімелеу. Табиғатты қорғуға, оның әсемдігін, әдемілігін сезіне білуге, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Сурет мазмұнына сәйкес жұмбақ шешу.

Сұрақтар:

-Жылдың қай мезгілі?

-Ауа-райы қандай??

-Жапырақтың түсі қандай?

-Күн бұлтты ма?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Жиып теріп болатын

Қамбаға астық толатын.

Қызыл қырман ойнайтын,

Қай мезгілде болады (күз)

Қимылды ойын: **Картотека№6**

Еңбек.Түскен жапырақты жинау.

Мақсаты:Түрлі-түсті түстерді ажырата алуға, қол еңбегімен жұмыс жасауға үйрету.

Жеке жұмыс:Серуен кезіндегі негізгі мақсатты түсінбеген балалармен жеке жұмыс жасау.

Еркін ойын.

Қорытынды: «Біз не білдік?»

Күз көрінісімен таныстық.

Марапаттау сәті

Бақылау барысында барлық балалар жаппай марапаттау алды

Картотека№7

Күз ағашына бақылау

Күз ағашы – ол көктемде жапырағы көгеріп, жайқалып тұратын ағаш. Күз мезгілі жеткенде ағаш жапырағы сарғаяды. Алма ағашы, қайың, емен, жөңке ағашы, жеміс ағаштары тағы да басқа ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Тек қана шырша ғана қысы-жазы жасыл қалпында болады.

Мақсаты:Күз ағашы туралы ұғымдарын бекіту. Табиғаттың күз мезгілінде өзгеретінін айтып жеткізу. Күз ағашының ерекшелігімен таныстыру.

Сұрақтар:

- Сендерге күз мезгілі ұнайды ма?

- Несімен ұнайды?

- Күзде ағаштарда қандай өзгеріс болады?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Жиып теріп болатын

Қамбаға астық толатын.

	Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл (күз) Қмылды ойын: Картотека№7 Еңбек:Алаңдағы жерге түскен жапырақтарды түс-түсімен жинау. Мақал-мәтел: «Еңбек түбі -береке, Көптің түбі - мереке». Мақсаты:Түстерді ажырата алуды үретуді жалғастыру. Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Жеке жұмыс: Әр оқу іс-әрекетінде үлгерімі нашар балалармен жеке жұмыс. Еркін ойын. Қорытынды: «Біз не білдік?» Ағаштың ұзақ өмір сүретіні жайында. Күзде жапырақтардың өзгеретіні жайында білдік. Марапаттау сәті Бақылау барысында сұраққа толық, әрі дұрыс жауап берген балалар марапатталды. Картотека№8 Түскен сары жапыраққа бақылау Жапырақтың түсі неге сары? Сары болатын себебі – ол күз мезгілінде сарғайып жерге түседі. Күз мезгілі аяқтала өз «киімдерінен» айырылып, қысты тек бұталарымен өткізеді. Ал, көктем, жазда қайта бүршік атып, жапырақ жаяды. Мақсаты:Балаларға жапырақтың өсуі жайында, әр мезгілде түрленетіні жайында айтып, түсіндіру. Талды сындырмауға, табиғатты аялауға үйретіп, тәрбиелеу. Сұрақтар: - Сендерге күз мезгілі ұнайды ма? - Несімен ұнайды? - Күзде ағаштарда қандай өзгеріс болады? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Жиып теріп болатын Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгілде болады (күз) қимылды ойын: Картотека№8 Еңбек:Алаңдағы жерге түскен жапырақтарды жинау. Әр түсті жапырақтан әр түрлі жұмыстар жасау. Мақал-мәтел: «Татулық – табылмас бақыт». Мақсаты:Түстерді ажырата алуды үретуді жалғастыру. Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Еркін ойын. Жапырақтың әр түске енуін.
--	---

	Талды сындырмауды. Марапаттау сәті Серуенде жақсы қатысқан балаларды марапаттау.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналар мен балалардың денсаулығы туралы сұхбат.	Ата –анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Балдардың топтасып еркін ойнауы.	Балалар мен қарым-қатынас. Еркін ойнау.	Ата-аналар мен қарым-қатынас.

Циклограмма
III апта (14 – 18) қыркүйек 2020ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: балаларды мектеппен, әлеуметтік ортамен таныстыру.

Міндеттері:

- топқа, ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру
- достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту;
- бірлескен әрекетке командамен бірге әрекет етуге баулу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	«Теңіз толқиды»	«Не білетініңді айтып бер!»	«Ауа райын бейнелеу»	«Шағын өзен»	«Атауын айт»

Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені				
ҰОҚ – не дайындық	1. Шеңберде аяқтың ұшымен, өкшемен жүріп өту. 2. Қол белде, оңға, солға бұрылыстар жасау (3 - 4рет). 3. Қолымызды екі жаққа жайып, көбелек болып ұшамыз, гүлге қонамыз, шырын сорып, қайта ұшамыз. 4. Қолымызды қимылдатып, күбідегі қымызды піскендей боламыз, қалыпқа келеміз (3 - 4рет). 5. Оң қолды, сол қолды жоғары көтеріп, есеміз (3 - 4рет). 6. Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велосипед тебеміз. 7. Аяқ бірге, аяқтың ұшына қолымызды тигіземіз, қалыпқа келеміз (3 - 4рет). Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы күн, Күліп шыққай күн бүгін.				

Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: екі аяқтап арқаннан секіруді үйрету. Бір – біріне соқтығыспай, тепе - теңдікті сақтап, екпінмен серпіле заттың үстінен секіру. Музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын бір қалыпты, жұбымен келісе орындауға жаттықтыру. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі гүлдер» Мақсаты: Гүлдің құрылысы жайлы түсінік қалыптастыру. Байқампаздық қабілеттері мен зейіндерін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету 3. Сурет салу Тақырыбы: «Жәмиләнің әдемі көйлегі» Мақсаты: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Жеке заттар» Мақсаты: Жекелеген заттардан топ құрауға, топтан жеке затты бөліп алуға үйрету. «Бір» және «көп» ұғымдарын бекіту 2. Музыка Тақырыбы: «Ойыншықтар» (Н.Әлімқұлов, И.Нүсіпбаев) Мақсаты: балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті ойыншықтары туралы ән айтуға үйрету.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен танысамыз» Мақсаты: Бір – біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғалу күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» әңгімелеу (шығармашылық тілді дамыту) Мақсаты: Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, ойыншықтардың атын атай отырып, сипаттай білуге үйрету.	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: С.Маршак «Доп» өлеңі Мақсаты: Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрете отырып, өлеңді есте сақтап, мәнерлеп айтуға үйрету. 2. Таңғажайып ертегілер (в) Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойыншық толы себет» Мақсаты: саптан шықпай, бағытта сақтай жүру, аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшақ бірге ұстау дағдыларын бекіту, шеңбер құру, шеңбер бойы жүгіру және жүгіруге жаттығу. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. 2. Құрастыру Тақырыбы: «Достарымызға жол салайық» Мақсаты: Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдері арқылы тар және кең жолдар құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым құрылыстар құрастыруға қызығушылықтарын арттыру.

	қызығушылықтарын ояту, дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын жетілдіру. Саусақпен дақтар салу арқылы бояуларды ретімен қолдана білуге үйрету.				
Серуен	Картотека№ 9 Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту» Бөрік тіктім Он ойланып Тоғыз толғанып, Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып. Алты рет қарап, Бес рет санап, Төрт рет қадап. Үш тал үкі тағып, Екі қолым талып. Бір бөрік тіктім, Әзер деп біттім. Қимылды ойындар: Картотека№9 Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері Картотека№10:Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты:Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату. Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер» туралы тақпақ айтқызу Жел тынымсыз гүілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып Қимылды ойындар: Картотека№10 Картотека№11				

Ойыншықтар әлеміне бақылау

- Балалар, бүгін біз сендермен ойыншықтар әлеміне саяхатқа келдік. Барлық балалар өздеріне ұнаған ойыншықтармен ойнап, соларға ат қояды. Өздері ойыншық сатушы, бірі алушы болып ойнайды. Ойыншықтарды сендер үшін жасайтын зауыттар болады. Сондықтан ойыншықтармен сындырмай, ұқыпты болып ойнау керек.

Мақсаты:

Балаларды ұқыптылыққа, жинақылыққа баулу. Ойыншықта әлемінде сатушы мен сатып алушының арасыдағы қарым-қатынас арқылы әдептілікке баулу.

Сұрақтар:

- Балалар ойыншықтар сендерге ұнады ма?
- Дүкенші қандай болуы тиіс?
- Сендердің ең жақсы көретін ойыншықтарың қандай, аты қалай аталады?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Әмір беріп бұйырсақ.

Қимылды ойын: **Картотека №11**

Қорытынды: «Біз не білдік?»

Ойыншықтардың адамдарға қандай пайдасы бар екенін білдік.

Оларды ұқыптап, күтіп ұстау керектігін.

Марапаттау сәті

Серуенде жақсы қатысқан балаларды мадақтау

Картотека №12.

Күздік бидайға бақылау

Балалар, күзде егістіктердегі бидай піседі. Оны орып, жинап, қамбаға құяды. Содан кейін жуып, кептіріп, тазалап диірменге өткізеді. Диірменнен шыққан ұннан әртүрлі тағамдар дайындайды. Бидайдың масағын жинап алғаннан кейін сабағын малға қорек (шөп) ретінде қолданады. Сендердің күнделікті жеп жүрген торт, печенье, тәтті нандарың міне, осы бидайдан жасалады.

Мақсаты:

Бидай жөнінде түсінік беру. Күзгі табиғаттың адамзатқа тигізер, берер өнімі жайлы ұғындыру. Еңбектенуге баулу. Нанды қадірлеуге үйрету.

Сұрақтар:

- Бидай қай жерде өсіріледі?
- Бидайдан қандай тағамдар жасалады?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Нан қоқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар.

қимылды ойын: Картотека№12.
Еңбек:Ауладағы қоқыстарды тазарту. Үлкендерге көмектесу.
Мақал-мәтел:
«Ердің атын еңбек шығарады».
Мақсаты:
Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту.
Жеке жұмыс.Әр оқу әрекетінде үлгерімі төмен балалармен жұмыс.
Еркін ойын.

Қорытынды: «Біз не білдік?»
Бидайдың адамға пайдасы жайында білдік.
Бидайдан жасалатын өнімдер жайлы білдік.
Диқаншы еңбегі ауыр..
Марапаттау сәті
Серуенде жақсы қатысқан балаларды марапаттау.

Картотека№13

Нанның келу жолдарына бақылау

Балалар, күзде егістіктердегі бидай піседі. Оны орып, жинап, қамбаға құяды. Содан кейін жуып, кептіріп, тазалап диірменге өткізеді. Диірменнен шыққан ұннан әртүрлі тағамдар дайындайды. Бидайдың масағын жинап алғаннан кейін сабағын малға қорек (шөп) ретінде қолданады. Сендердің күнделікті жеп жүрген торт, печенье, тәтті нандарың міне, осы бидайдан жасалады. Бидайды баптайтын адамды диқан деп атайды.

Мақсаты:
Нанның тұқымдық бидайдан нан болып, дастарханға жеткенге дейінгі өтетін кезеңдерін, еңбек мазмұнын түсіндіру.

Сұрақтар:

- Нан дастарханға қалай келеді?
- Бидайдан қандай тағамдар жасалады?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Нан қоқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

Қимылды ойын: Картотека№13

Еңбек:Ауладағы қоқыстарды тазарту. Үлкендерге көмектесу.

Мақал-мәтел:
«Ердің атын еңбек шығарады».

Мақсаты:
Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту.
Еркін ойын.

	Қорытынды: «Біз не білдік?» Нанның жасалу жолдарын білдік. Бидайдан жасалатын өнімдер жайлы білдік. Диқаншы еңбегі ауыр..				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналар мен балалардың денсаулығы туралы сұхбат.	Ата –анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Балдардың топтасып еркін ойнауы. Сау болыңдар!	Балалар мен қарым-қатынас. Еркін ойнау. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Сау болыңдар!

Циклограмма
IV апта (21 – 25) қыркүйек 2020ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Апта тақырыбы: «Жиназдар»

Мақсаты: балаларды мектеппен, әлеуметтік ортамен таныстыру.

Міндеттері:

- топқа, ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру
- достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту;
- бірлескен әрекетке командамен бірге әрекет етуге баулу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Жапырақтың түсуі»	«Тапқыш»	«Не болар еді?»	«Кімнің есімі аталса, сол тосып алады»	«Ағаштар, жемістер мен жидектер»

Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	Жаттығулар кешені 1. Ойын. «Маған қарай жүріңдер» - топтасып бір бағытта жүргізу. 2. «Торғайлар болып ұшайық» - жан – жаққа жүгіру (жеңіл жүгіру). 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құрып тұрамыз. 4. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» жүгіру. 5. Тік тұрып, қолды жоғары көтеру. (3 - 4 рет) 6. Тік тұрып, қолды алға созу. (3 - 4 рет) 7. Торғай болып қанат қағып ұшамыз. 8. Тік тұрып, аяқты алшақ қойып, бүйірді таянып, оңға – солға иілу. (3 - 4 рет) 9. Аяқтың ұшымен жеңіл жүру. 10. Тәрбиешінің артынан үйіріліп жүру. Қуанамын мен де Қуанасың сен де Қуаналық достарым Арайлап атқан күнге				
Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді ойыншықтарым» Мақсаты: Саптізбекке бір – бірден тұру, секіру, қимылдарын бекіту. Жүгіріп, тоқтап тапсырманы орындау, достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жеміс толы себет» Мақсаты: Жемістің бірнеше түрлері жайлы түсініктерін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою,	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету. Геометриялық пішіндер: шеңбер және шаршы, үшбұрышпен таныстыру. Олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Кір қуыршақ» (Ж.Қашқанов, И Нүсіпбаев) Мақсаты: музыкалық есту қабілеттерін	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің бөлмем» Мақсаты: Сапқа тұру, көрекі бағыт бойынша шеңбер құру. Белгі бойынша тоқтай білуге жаттықтыру. Музыкаға сәйкес адымдап, аяқты жоғары көтеріп, қолды жоғары көтере, қолды еркін ұстап жүру дағдыларын дамыту. Жүру, жүгіру кезінде аяқты жеңіл жүгіруге жаттықтыру. 2. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Диасқа арналған диван»(шығармашылық тілді дамыту)	1. Орыс тілі Маман жоспары 2. Таңғажайып ертегілер(в) Тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі Мақсаты: Өзара сүйіспеншілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу.	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонақ бөлмедегі теледидар» Мақсаты: Бөрене арқылы еңбектеп өтуді үйрету. Денені түзу ұстап, тепе – теңдік сақтау қабілеттерін жетілдіру. Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. 2. Музыка Тақырыбы: «Кір қуыршақ» (Ж.Қашқанов, И Нүсіпбаев) Мақсаты: музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға

	ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілеттерін қалыптастыру. 3. Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі - түсті доптар» Мақсаты: Дөңгелек заттарды салуға үйрету. Түрлі бағыттағы түзу сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білу және нүктелер арқылы бейнелеу дағдыларын арттыру.	арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.	Мақсаты: Ересектемен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын молайту. Балабақшаға қажетті жиназдардың жекебөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға үйрету.		үйрету. 3. Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Ауладағы ағаштар» Мақсаты: жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып атауға үйрету
Серуен	Картотека№14 «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылау,әңгімелеу. Еңбек: саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. Алтын-сары,қызыл көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: Картотека№14 Картотека№15 «Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату.Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. Қимылды ойындар: Картотека№15 Картотека№16 Топыраққа бақылау				

- Топырақ – табиғаттың бір бөлігі. Оны адамдар өзінің қажетіне жаратады. Өйткені топырақ болмаса, біздің жеп отырған нанымыз, асымыз болмас еді. Топырақтың құнарлысы және шірігі болады. Құнарлы топырақта барлық өсімдік жақсы өседі.

Мақсаты:Балаларға топырақтың пайдасы, зияны жайында айтып, түсіндіру. Ойлану, сөйлеу қабілетін арттыру. Тілдерін дамыту.

Сұрақтар:

- Топырақтың адамға қандай пайдасы бар?
- Топырақ табиғаттың қандай түріне жатады?
- Не себепті?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

Дала десем, мал елестер көзіме,
Дала десем, дән елестер көзіме.
Дала десем, ән естілер құлаққа,
Мұның бәрі топырақтан жаралған.

Қимылды ойын: **Картотека№16**

Еңбек: Алаңды өскен, сарғайған арам шөптерді жұлу.

Мақал-мәтел:

«Ердің атын еңбек шығарар».

Мақсаты:Балалардың өз еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту.

Жеке жұмыс:Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті барысындағы үлгерімі нашар балалармен жеке жұмыс.

Қорытынды: «Біз не білдік?»

Топырақтың қасиетін, пайдасы жайында білдік.

Марапаттау сәті

Серуенде жақсы қатысқан балаларды марапаттау.

Картотека№17 .

Үлкен топтағы балаларға бақылау

Балалар, қараңдаршы, біздің мектепте сендерден басқа топтар да бар. Олар сендерден,үлкен олар сендерге қарап жүреді. Олармен ойыншықтарды бөлісіп ойнауға үйренеміз.

Мақсаты:Балалардың үлкенге деген сезімін оятып, оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу «.Аға» «Іні», «Қарындас» ұғымын сіндіру.

Сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Сұрақтар:

- Балалар, сендер өздеріңнен кішілерге қалай көмектесесіңдер?
- Өз отбасыларыңда бір біріңе қалай көмектесесіңдер?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

«Көмекші»

Апам үшін күнде мен,	Жоқтатпаймын әпкемді,
Отынға ағаш жарамын.	Беремін шәйін қайнатып.
Су құямын гүлге де,	Жылай қалса бөпемді,
Дүкенге де барамын.	Жұбатамын, ойнатып.

Сыпырамын үй ішін,

Жуамын ыдыс аяқты. Апам бірақ мен үшін Оқымайды сабақты. Ойын: . Картотека№17 . Еңбек.Ауладағы қоқыстарды тазарту. Үлкендерге көмектесу. Жекежұмыс.Топтағы оқу іс-әрекеті барысындағы үлгерімі нашар балалармен жеке жұмыс Мақал-мәтел: «Ердің атын еңбек шығарады». Мақсаты:Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Еркін ойын. Қорытынды: «Біз не білдік?» Үлкенді құрметтеп,кішкентайларға үнемі қамқор болуды білдік. Отбасы махаббаттың, сыйластықтың, жақын қарым қатынастың бастауы. Картотека№18 «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты:Балалармен қайтқан құстарды бақылау.Олардың атын ататқызып,дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру. 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін. (қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген Түнде қандай көреген. (үкі) Қимылды ойындар: Картотека№18 Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері					
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналар мен балалардың денсаулығы туралы сұхбат. Сау болыңдар!	Ата –анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Балдардың топтасып еркін ойнауы. Сау болыңдар!	Балалар мен қарым-қатынас. Еркін ойнау. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Сау болыңдар!
Циклограмма I апта (28 – 02) қыркүйек - қазан 2020ж Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апта тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: балаларды мектеппен, әлеуметтік ортамен таныстыру. Міндеттері: - топқа, ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру					

- достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қабілеттерін ояту; - бірлескен әрекетке командамен бірге әрекет етуге баулу.					
Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Сен қай ағаштың жапырағы боласың?»	«Үкі»	«Бұйрықты тыңда!»	«Бұлар қалай болады?»	«Бір,екі,үш-аталған ағашқа ұш!» (ағаш суреттерін пайдалану)
Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	Жаттығулар кешені 1. Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. 2. Шеңбер жасап тұру. 3. Тік тұрып, қолды алға жоғары, жаңға созу, төмен түсіру. (3 - 4 рет) 4. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында тұрып жайлап айналу, қону.(3 - 4 рет) 5. Қоянша секіру, аю сияқты қорбаңдау. 6. Балапандар жем шұқыды, саусақтарымен еденді соғу. (3 - 4 рет) 7. Дем алып, дем шығарып, жәй жүріспен кету. Қол алысып қане біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге Тік тұрындар шеңберге				
Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойын бөлмесіндегі сөрелер» Мақсаты: аяқты жоғары көтеріп, модульдерді аттап, тепе – теңдік сақтау бекіту. Гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуді бекіту. Денені түзу ұстап, тепе – етеңдік сақтау	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Қоянға қонаққа барамыз» Мақсаты: шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Заттарды көлеміне, пішініне байланысты орналастыра білуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Бүгін туған күніміз»	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшаға саяхат» Мақсаты: орында тұрып жеңіл секіру, жоғарыға ілулі шарға қолды тигізу, және еденге жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Қимылды	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Қ.Күзембай «Осындай менің отбасым» өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Өз туыстарына деген адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Шығармаларды сахналауға қатысуға	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аулада ойнаймыз» Мақсаты: бір – біріне допты домалату, домалату кезінде қолдың қозғалу күшін қимылүйлесімділігін дамыту. 2. Құрастыру Тақырыбы: «Биік шарбақтар»

	кабілеттерін жетілдіру. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшыныстарын арттыру, ағаштардан жасалатын бұйымдар туралы түсініктерін молайту. 3. Сурет салу Тақырыбы: «Ойыншыққа арналған сөре» (заттық сурет) Мақсаты: Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттарды салу дағдыларын қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Сандықшаны әсемдейік»	(Ә.Табылдиев, И.Нүсіпбаев) Мақсаты: Әуенге эмоциялық үн қоюға, сюжетті – рөлді ойындарға белсене қатысуға ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.	белгілі тәсілмен белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу) Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету.	ықыластарын арттыру. 2. Таңғажайып ертегілер (в) Тақырыбы: «Жеті лақ» ертегісі Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	Мақсаты: Қарапайым құрастыру дағдыларын қалыптастыра отырып, әртүрлі түстер мен пішіндерден шарбақ құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұсақ қол моторикаларын дамыту.
Серуен	Картотека №19 Күзгі желдің бағытын бақылау» Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру. Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Көк майса, көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері кейіпті, Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп				

	Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. Қимылды ойындар: Картотека№19 Картотека№20«Қоңыр күзді бақылау,салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау,алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау,қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту.Ағаштар жапырақтарынан ажырап , жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: Картотека№20 Картотека№21 Жауын-шашынға бақылау Табиғаттың құбылыстарына, бұлттарға, жауын-шашынға. Жауын-шашын өте пайдалы. Егер жауын болмаса ауа ластанып кетеді. Жауыннан соң өсімдік түрленіп, өседі. Жауын-шашынның түрлері: - Бұршақты; - Нөсер жауын; - Сіркіреп жауатын жауын; Бұршақты жауын қатты жауса егінді тесіп жібереді. Мақсаты:Жауын-шашын жайында толық түсінік беру. Пайдасы мен зиянын ажырата білу, тілдерін дамыту. Сұрақтар: - Жауын-шашынның пайдасы қандай? - Жауынның зияны? - Сендер ұнатасыңдар ма жауынды? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: «Жаңбыр» Алатаулар бауырына, Атам-әжем ауылына. Ақша бұлттар ауа берші, Жау-жау жаңбыр, жауа берші. Ойын: Картотека№21 Еңбек.Аула гүлдеріне су құю. Мақсаты:Үлкендер еңбегін бағалау. Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Жеке жұмыс.Серуен кезіндегі әсерлерімен бөлісу. Еркін ойын. Қорытынды: «Біз не білдік?» Егінге пайдасын білдік. Бұршақтың зиянды екенін білдік. Марапаттау сәті Бақылау барысында сұраққа толық, әрі дұрыс жауап берген балалар Картотека№ 22
--	---

	Кемпірқосаққа бақылау Жауын-шашыннан кейінгі ауа-райы құбылысына, жауыннан кейін шыққан күнге, табиғат өзгерісіне бақылау жасау. Жаңбырдан соң пайда болатын кемпірқосаққа көңіл аудару. Кемпірқосақ – жауын-шашыннан кейін аспанға түрленіп, дөңгеленіп шығады, жеті түрлі түстен тұрады. Мақсаты:Кемпірқосақ жайында толық түсінік беру. Түстерімен таныстыру. Түстерді ажырата алуға үйретіп, зейінін аудару. Сұрақтар: - Жауын-шашыннан кейін ауа-райы қандай? - Кемпірқосақ аспанға неге және қай кезде шығады? - Оның неше түсі бар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: «Кемпірқосақ» Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың. Жауды жаңбыр топ,топ, Кемпірқосақ көп, көп. қимылды ойын: Картотека№ 22 Еңбек:Ойыншықтарды жуып, орнына қою. Мақсаты:Үлкендер еңбегін бағалау. Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Жеке жұмыс:Әр оқу әрекетінде үлгерімі төмен балалармен жұмыс. Еркін ойын: Қорытынды: «Біз не білдік?» Кемпірқосақ жайында білдік. Жауыннан кейін шығатынын білдік. Ол жеті түрлі түстен тұрады. Картотека№23 «Күзгі құстардың тіршілігін бақылау» Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу.Күзгі құстардың дауысын тыңдау.Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Еңбек: Құстарға жем беру. Балалармен жеке жұмыс: С.Сейфуллиннің «Бозторғай» өлеңін оқу. Міне торғай Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды Қимылды ойындар: Картотека№23				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналар мен балалардың денсаулығы	Ата –анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас.	Балалар мен қарым-қатынас.	Ата-аналар мен қарым-қатынас.

	туралы сұхбат. Сау болыңдар!		Балдардың топтасып еркін ойнауы. Сау болыңдар!	Еркін ойнау. Сау болыңдар!	Сау болыңдар!
Циклограмма I апта (05 – 09) қазан 2020ж Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» Апта тақырыбы: «Менің сүйікті отбасым» Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.					
Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Сюжеттік ойын Картотека	Қимылды ойын Картотека	Дидактикалық ойын Картотека	Балаларға ойын Картотека	Сюжеттік ойын Картотека
Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	Жаттығулар кешені 1. Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. 2. Қоянша секіру, аю сияқты қорбандау, құсша ұшу. 3. Шеңбер құрып тұру, тәрбиешінің көмегімен. 4. Басымен оңға, солға иілу. 5. Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру. 6. Бүйірді таянып, оңға, солға иілу. 7. Психогимнастикалар. Қол алысып қане біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге Тік тұрыңдар шеңберге				

Ұйымдастырылған оқу - қызметі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер» Мақсаты: орында тұрып жеңіл секіру және еденге жерге жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ғажайып қап» Мақсаты: Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдыларын жетілдіру 3. Сурет салу «Жіп шумақтары» Мақсаты: Дөңгелектердің суретін салуды үйрету, тоқыма өнері туралы түсінік беру.	1. Математика негіздері Тақырыбы:«Егістікте» Мақсаты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) математикалық ұғымдарын кеңейту. Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрастыру арқылы салыстыруға үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Айналайын ақ маман» (Ә.Табылдиев, И.Нүсіпбаев) Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік төмен ырғақтарын ажырату.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қалаға саяхат» Мақсаты: жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, бытырап бір – біріне соқтығыспай, заттарды айналып жүру . Басты дұрыс ұстап, табанға толық басып жүру. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Артикуляциялық аппаратын дамыту. Ересектердің берген сұрақтарын тыңдап, түсіне білуін, өлеңнің мазмұнын түсінуін жетілдіру, өлеңді жаттауға үйрету	1. Көркем әдебиет Қ.Күзембай «Осындай менің отбасым» өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Өз туыстарына деген адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Шығармаларды сахналауға қатысуға ықыластарын арттыру. 2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Таба нан» (заттық мүсіндеу) Мақсаты: Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, нанды мүсіндеуді үйрету. 3. Танғажайып ертегілер (в) Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Мақсаты: Сөзік қорын молайту, үй жануарына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қала көшелері» Мақсаты: Саптізбекке тұруға жаттықтыру. Жүру, жүгіру кезінде аяқты тырпылдатпай, жеңіл жүруге жаттықтыру. Допты қаппа арқылы домалатуға үйрету. Қос аяқпен алға жылжи секіруді бекіту. Жеңіл секіруді дамыту. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірибесін молайту. 2. Құрастыру Тақырыбы: «Көшедегі ағаштар» Мақсаты: Қағазды бүктеу, шиыршықтау әдісі арқылы күзгі ағаштарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Күз мезгілінің табиғи құбылыстарымен таныстыру. Шығармашылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуен	Картотека№24 Жаңбырды бақылау.				

Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру.
 Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру.
 Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру
 Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
 Қимылды ойындар: «Қарлығаш»
 Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
 Қимылды ойындар: **Картотека №24**
 Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері
Картотека №25 «Алтын күзді бақылау»
 Мақсаты: Күз туралы білімдерін тиянақтау. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, күз мезгілінің сұлулығын бағалап көре білуге тәрбиелеу.
 Еңбек: Жапырақтар жинау.
 Балалармен жеке жұмыс: «Алтын күз» Ғ. Қайырбеков
 Алтын, алтын, сары алтын
 Алтын күзде нұр жатыр
 Біз бақшаға баратын
 Алақай ау күн жақын
 Қимылды ойындар: **Картотека №25**
 Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері
Картотека №26 .
 Солған гүлдерге бақылау
 - Балалар, гүлдер неге солып барады? Қазір күз мезгілі. Күн суытты. Сол себепті гүлдер күн көзін көбірек қажет етіп тұр.
 Мақсаты:
 Балаларға гүлдің солу себебін түсіндіру. Оған аянышпен қарап, оны күтіп, баптауға үйрету.
 Сұрақтар:
 - Гүлдер неге солады?
 - Қандай гүлдерді білесіңдер?
 - Адамға қандай пайдасы бар?
 Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:
 Қызыл, жасыл гүл егіп,
 Баптап күттік, түрлеттік,
 Қалмасын деп қуарып
 Көптеп-көптеп су бердік.
 қимылды ойын: **Картотека №1**
 Еңбек: Топ гүлдеріне су құю. Жапырақтарын тазарту.
 Мақал-мәтел:
 «Жақсы бала – елдің ырысы».
 Мақсаты:

Жеке жұмыс: оқу іс-әрекеті барысындағы үлгерімі нашар балалармен жеке жұмыс.

Қорытынды: «Біз не білдік?»

Марапаттау сәті

Серуенде жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

«Судың үш күйі - қатты, сұйық, газ»

Судың үш күйде болатыны - қатты, сұйық, газға бақылау

- Балалар, біз күнделікті пайдаланатын судың үш түрлі қасиеті бар. Олар: қатты яғни – мұзға айналады; сұйық – су күйінде болады; бу – бұлтқа айналады. Демек, су қыста күн суық болғанда мұзға, қарға айналады, жылы ауада ол қайта еріп суға айналады. Ал, күн қызуы мол болғанда үлкен-үлкен көлдердің, теңіз бен мұхиттардың бетінен буға айналып, аспанға жиналады. Одан бұлт түзіледі де, қайтадан жерге жауын болып жауады. Байқасаңдар, балалар, үйде аналарың тамақ пісіргенде қазанның бетінен біу шығады. Бұлт та осылай пайда болады.

Мақсаты:

Балаларға табиғат құбылыстарын еске түсіре лотырып, судың қасиеттері жайлы түсіндіру. Тілдерін дамыту. Өз бетінше әңгімелей алуға балу.

Сұрақтар:

- Судың адамға қандай пайдасы бар?
- Қандай үш қасиеті бар?
- Қар мен мұзды қай кезде көре аламыз?
- Бұды көре аламыз ба?
- Бұлт қалай пайда болады?

Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:

«Мөлдір тамшылар»	Ұ.Есдәулетов
Бұлттар жабағы,	Күзгі тамшылар
Көкті жабады.	Тамады, тамады.

қимылды ойын: Картотека№2

Еңбек:Алаңдағы қоқыстарды жинау. Үлкендер еңбегін бағалуға тәрбиелеу.

Мақал-мәтел:

«Еңбек-ерлікке жеткізер,
Ерлік-елдікке жеткізер».

Мақсаты:

Балалардың өз еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту.

Жеке жұмыс: оқу іс-әрекеті барысындағы үлгерімі нашар балалармен жеке жұмыс.

Еркін ойын.

	Қорытынды: «Біз не білдік?» Судың үш қасиеті жайында білдік. Судың пайдасы, табиғаттағы алатын орны жайында білдік.. Кортотека№28Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Мақсаты:Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту Қимылды ойындар: Картотека№3				
--	--	--	--	--	--

Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналар мен балалардың денсаулығы туралы сұхбат. Сау болыңдар!	Ата –анамен әңгімелесу. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Балдардың топтасып еркін ойнауы. Сау болыңдар!	Балалар мен қарым-қатынас. Еркін ойнау. Сау болыңдар!	Ата-аналар мен қарым-қатынас. Сау болыңдар!
-------------------------------	---	--	--	---	--

Циклограмма II апта (12 – 16) қазан 2020ж Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» Апта тақырыбы: «Менің көшем» Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.					
---	--	--	--	--	--

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата – аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу, балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл – күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата – аналармен баланың денсаулығы, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Сюжеттік ойын	Сюжеттік ойын	Сюжеттік ойын	Сюжеттік ойын	Сюжеттік ойын

Жаттығулар кешені ҰОҚ – не дайындық	Жаттығу кешені 1. Ойын. «Маған қарай жүріңдер.» - бір бағытта топтасып жүру. 2. «Торғайлар болып ұшайық» - әртүрлі бағытта жеңіл жүгіру. 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құрып тұрамыз. 4. Қалыпты жағдай – тік тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды артымызда ұстап. Тәрбиеші: «Біздің қолымыз қайда?», балалар қолды алға қарай созады «Міне біздің қолымыз!» 5. Қалыпты жағдай - аяқты алшақ, қолды белге. «Тик - так» - сағаттың тіліндей оңға, солға иілу. 6. Қалыпты жағдай – аяқты алшақ қою, қол төменде, екі қолды жоғары көтеру «Күнге қол созамыз». 7. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру. 8. Тәрбиешінің артынан үйіріліп жүру Алтын сәуле арайлы, Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық арайды.				
